



Бекітемін _____
«Күншалған ауылының ЖОББМ» КММ
Мектеп директоры: Сагинбаева Г.А.

Үйірме

«Шебер қолдар»

1-2 «А» сыныптары

Құрастырған : бастауыш сынып мұғалімі

Тілеуова О.Қ.

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі-сыныптан тыс жұмыстар. Оның мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеті мен дербестіктерін жан-жақты дамыту, бос уақыттарын ұтымды ұйымдастыруға, мұғалімдердің шығармашылық қызметін шыңдауға жол ашады. Мектептегі оқу үлгерім сапасы оқушылардың пәнге қалай қызыққанына тікелей байланысты.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы кезінде балалардан алдын болжай білуді, жинақталуды, уақытты ұтымды пайдалануды, іскерлік қатынасты талап етеді. Балалар көп уақытын компьютерде өткізеді де табиғатпен аз қарым-қатынаста болады. Сол себепті де елгезек, ықыласты болудан қалып барады, сондықтан да мектепте жеке шығармашылық қабілеті тәжірибелік қана емес, рухани дамуы қажет.

Үйірмедегі сабақ еңбек және эстетикалық тәрбиеге тәрбиелей отырып, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануды қажет етеді. Бастауыш сынып оқушыларына қажетті қолданбалы өнердің ең бастылары – қағазбен, табиғи және қалдық материалдармен және матамен жұмыстар бұл кең тараған сәндік-қолданбалы өнер болып табылады.

Қажетті құралдардың қарапайымдылығы, қажетті құралдардың қолжетімділігі, жұмыс істеуге жағдайдың барлығы оқушылардың сәндік—қолданбалы өнермен айналысуға көп мүмкіндік береді. Үйірменің теориялық бөлімі өткізілетін тақырыптың қысқаша түсінігі және қалай жұмыс істеу керектігін түсінідіріп берсе, ал практикалық сабақ бірнеше тапсырмалардан тұрады. Бастапқы кезеңде материалды өңдеу жұмысын меңгереді.

Балаларда бастаған істі соңына дейін аяқтай білуді үйретуге, қарапайым еңбек тәртібін сақтауға, қажетті материалдарды үнемді және ұқыпты пайдалануға, құрал-жабдықтарды пайдалану және оларды сақтауға тәрбиелеу қажет. Үйірме жұмысында ең негізгі көңіл аударатын басты мәселе ол еңбек қауіпсіздігі және санитарлық гигиенаны сақтау.

«Шебер қолдар» үйірмесі біріктірілген сипатта болады. Біріктірілген сипатта дегеніміз, қоршаған ортаның әр түрлі материалдық жақтарымен, жалпы заңдылықтарға біріктірілген адамның бойында бар қасиеттерін іске асыруға негізделген, яғни, шикізат технологиясын, энергияны, ақпаратты қайта өңдеуде деп көрсетілген.

Үйірме бағдарламасы 1-4 сынып оқушыларына арналып жасалынған. Үйірме аптасына 1 рет, жылына 34 сағат өткізіледі. 1 сыныпта жылына 33 сағат. Курстық бағдарламасының негізгі мазмұны 1-2 сыныптарда VII бөлімнен, ал 3-4 сыныптарда IX бөлімнен тұрады. Балалар әр бөлім бойынша көрсетілген мақсатқа сай нақты материалдармен танысады. Берілген тақырыптарға сәйкес балалардың

өз беттерінше ізденістері мен шығармашылықтары да жұмыс барысында жүзеге асады.

Сабақтарда ауызша, практикалық әдістер, көрнекіліктер қолданылады. Жұмыс формасы: ұжымдық, топтық, жеке.

Үйірменің мақсаты: Балалардың әр түрлі жасанды заттарды ойлап тауып, құрастырып, жасауда өз шеберліктерін көрсетуге шақыру. Үйірме арқылы пайдаланушыларды қолөнер түрлерімен таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту және ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіру, өнер саласындағы басылымдарды насихаттау. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Үйірменің міндеті: Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйрету. Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу. Жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүние танымы, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті дарынды оқушыларды тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылардың физикалық және психологиялық күштері нығайады; Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылардың физикалық және психологиялық күштері нығайады;
2. Бағдарламаны оқыған кезде және әр түрлі заттар мен бұйымдарды жасағанда жаңа білімді, икемділікті, дағдыны меңгереді.
3. Оқушылардың шығармашылық шамасы, рухтандырушылық қасиеті артады, көтеріледі, ашылады.
4. Басқаның да өзінің де еңбегін бағалауды біледі.
5. Теориялық білімді практика жүзінде пайдалану дағдысын қалыптастырады.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспар

№	Бөлім атауы	Тақырыбы	Барлық сағат саны		Уақыты	Түзету
			теориялық	Практикалық		
1	Кіріспе	Кіріспе	1		06.09	
2	Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс істеу (6 сағат).	Қағаздың тарихынан мәлімет	1		13.09	
3		Қағаз шығаратын фабрикаларға сырттай саяхат	1		20.09	
4		Жазу кітапшасын құрастыру		1	27.09	
5		Қағаз тілшелерінен әсем гүл дайындау		1	04.10	
6		Өз ойлары бойынша құттықтау ашық хаттарын жасау		1	11.10	
7		Оригами		1	18.10	
8	Матамен және ою оюмен жұмыс (5 сағат).	Мата шығаратын фабрикалармен сырттай таныстыру және ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру	1		25.10	18.10
9		Тігіс түрлері. Жаттығу, машықтану		1	08.11	
10		Сәндік дорба тігу және дайындау технологиясы		1	15.11	
11		Түскиіз даярлау жолдары (топтық жұмыс)		1	22.11	
12	Табиғи материалдармен жұмыс (4 сағат)	Мозаика әлемі тарихынан	1		29.11	
13		Қарындаш жоңқаларынан жасалған мозаикалар		1	06.12	
14		Қарағай бүршігі немесе шырша бүршігінен жануарлардың мүсінін жасау		1	13.12	
15		Сабаннан үй жасау		1	20.12	
16	Ермексазбен жұмыс (4 сағат)	Ермексазбен жұмыс істеу технологиясы мен тәртібі	1		27.12	
17		Ермексаздан жасалған картина		1	10.01	
18		Ермексазбен әйнекке бастырма жасау (үлгі бойынша)		1	17.01	
19		Оқушылардың өз ойлары бойынша мүсіндеу		1	24.01	

20	Кесте тігу техникасы (4 сағат)	Кестелеу тарихынан	1		31.01	
21		Айқас тігіспен кестелеу техникасы. Кестелеу әдістері	1		07.02	
22		Айқас тігіспен өрнекті кестелеу		1	14.02	
23		Өз ойларынан кестелеу		1	21.02	
24	Мүсіндеу (3 сағат)	Мүсіндеу тарихы	1		28.02	
25		Адамдар мен жануарларды мүсіндеу		1	07.03	
26		Ертегі желісі бойынша мүсіндеу (топтық жұмыс)		1	14.03	
27	Сіріңке қораптарымен, пластмасса құтылармен жұмыс (8 сағат)	Қалдықтармен жұмыс істеу тарихынан	1		04.04	
28		Сіріңке қорабынан поезд вагондары мен поровозын жасау		1	11.04	
29		Пластмасса құтыдан қалақша жасау		1	18.04	
30		Сіріңке қорабы мен пластмасса құтыдан өз ойларынан бұйымдар жасау		1	25.04	
31	Бисермен жұмыс (4 сағат)	Бисер тарихы	1		02.05	
		Бисермен танысу		1	09.05	16.05
		Бисермен бұйымдар жасау		1	16.05	
32		Бисермен бұйымдар жасау		1	23.05	
33	Қорытынды сабақ (1 сағат).	Шығармашылық жұмыстар көрмесі		1	23.05	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет желісі
2. Құрастыру және қол еңбегі (әдістемелік нұсқау) Алматыкітап 2003
Ф.Жумабекова, А. Ойшыбаева
3. Еңбекке баулу (оқыту әдістемесі) Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра» 2012ж Т.Оралбекова
4. Еңбекке баулу (оқыту әдістемесі) Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра» 2013ж Т.Оралбекова
5. Еңбекке баулу (оқыту әдістемесі) Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра» 2014ж Т.Оралбекова
6. Еңбекке баулу (оқыту әдістемесі) Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра» 1999ж Г.Шмекеева
7. Еңбекке баулу (дидактикалық материалдар) Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра» 1999ж Т.Оралбекова, Г.Шмекеева, Н.Қыдырова

«Шебер қолдар» үйірмесі
Жетекшісі: Тілеуова.О
Өтілетін күні: Жұма.
Уақыты: 15:00

	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жынысы
1	Аманбай Нуриман	2 «а»	ҰЛ
2	Ақылбайұлы Қайсар	2 «а»	ҰЛ
3	Ержанқызы Зере	2 «а»	ҚЫЗ
4	Қабылда Алдияр	2 «а»	ҰЛ
5	Балтабай Мерей	1 «а»	ҚЫЗ
6	Маратов Актөре	1 «а»	ҰЛ
7	Калаков Бекдиар	1 «а»	ҰЛ
8	Рахимжанова Айнель	1 «а»	ҚЫЗ
9	Қаппас Көзайым	1 «а»	ҚЫЗ